

Паспорт және виза жұмысы жөнінде халыққа қызмет көрсетуге ақы төлеу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 21 сәуір N 320. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1998.04.27. N 3928 Жарлығымен

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының паспорт және виза жұмыстарын одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен Қаржы министрлігінің паспорт және виза жұмысы жөнінде халыққа қызмет көрсетуге ақы төлеу тарифтерін енгізу туралы ұсынысы қабылдансын.

Көрсетілген қызмет тізбесі N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне паспорт және виза жұмысы жөнінде халыққа қызмет көрсетуге ақы төлеу тарифтерін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің келісуі бойынша бекіту құқы берілсін.

3. Аталған қызметтер үшін ақы төлетуден түсетін қаржының 60

процентін Ішкі істер министрлігі республикалық бюджетке енгізеді деп белгіленсін.

Ішкі істер министрлігінің қарауында қалатын қаржы арнаулы қаражатты жұмсаудың бюджеттегі ұйымдарға белгіленген тәртібіне сәйкес пайдаланылсын.

4. Қазақстан Республикасының заңдарымен тиісті жеңілдіктер берілген адамдар, сондай-ақ осы қаулыға N 2 қосымшада көрсетілген адамдар аталған қызметтер үшін ақы төлеуден босатылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК